

**Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы N 5-23-7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 мамырда N 2760 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 18.05.2022 № 7-18-19 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 18.05.2022 № 7-18-19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау аудандық мәслихатының  
XXIII кезекті сессиясының төрайымы  
С. Сүлейменова*

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау аудандық  
мәслихатының хатшысы  
Р. Тілеубаева*

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 31 наурыздағы № 5-23-7  
шешіміне  
қосымша*

**Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Елді мекеннің атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің саны
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінің Дауқара ауылының тұрғындарына	26
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінің Егіндіағаш ауылының тұрғындарына	11
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінің Қаракамыс ауылының тұрғындарына	18
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінің Сарыбұлақ ауылының тұрғындарына	6
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінің Сулыкөл ауылының тұрғындарына	11
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінің Сырымбет ауылының тұрғындарына	34
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінің Шоққарағай ауылының тұрғындарына	12
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінің Шолақөзек ауылының тұрғындарына	8

Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 31 наурыздағы  
№ 5-23-7 шешімімен  
бекітілген

**Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан

облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округ ауылдық тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Сырымбет ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

## **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Сырымбет ауылдық округінің әкімі шақырады.

Айыртау ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округі ауылдарында бөлек жиынды өткізуді Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Сырымбет ауылдық округінің ауылдарынан қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Сырымбет ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Сырымбет ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдық округі ауылдары және көшелері өкілдерінің кандидатураларын Айыртау аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Айыртау ауданының Сырымбет ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.